



BUIRYQ

ПРИКАЗ

2023 ж. 26 қыркүйек

№ 59 - НҚ

Zhezqazgan qalasy

город Жезказган

«Kazakhmys Distribution» (Қазақмыс Дистрибьюшн) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «ЭнергияЖелілері» Балқаш аймақтық кәсіпорынына су беру (шаруашылық ауыз су жабдықтау) қызметтеріне бекіткен тарифтерді оның қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Заңының 22-бабы 1 тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру Қиғдаларының 12-тарауы 1 параграфының 601 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Kazakhmys Distribution» (Қазақмыс Дистрибьюшн) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «ЭнергияЖелілері» Балқаш аймақтық кәсіпорынына **2023 жылғы 1 қазаннан** қолданысқа енгізе отырып, су беру (шаруашылық ауыз су жабдықтау) қызметтеріне 1 м³ үшін ҚҚС-сыз 316,87 теңге мөлшеріндегі тариф бекітілсін.

2. «Kazakhmys Distribution» (Қазақмыс Дистрибьюшн) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «ЭнергияЖелілері» Балқаш аймақтық кәсіпорынына, су беру (шаруашылық ауыз су жабдықтау) қызметтеріне, осы бұйрықтың №1 қосымшасына сәйкес тарифтік сметасы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаментінің табиғи монополиялар мен бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты «Kazakhmys Distribution» (Қазақмыс Дистрибьюшн) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «ЭнергияЖелілері» Балқаш аймақтық кәсіпорыны назарына жеткізсін.

4. «Kazakhmys Distribution» (Қазақмыс Дистрибьюшн) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «ЭнергияЖелілері» Балқаш аймақтық кәсіпорынына, бекітілген тариф жөніндегі мәліметті заңмен белгіленген мерзімде тұтынушылар назарына жеткізсін.


5. «Kazakhmys Distribution» (Қазақмыс Дистрибьюшн) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «ЭнергияЖелілері» Балқаш аймақтық кәсіпорынына, заңмен белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика

министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаментіне бекітілген тарифтердің тұтынушыларға хабарландырылғаны туралы ақпаратты жеткізсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Р. Биржановқа жүктелсін.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 2024 жылдың 30 қыркүйегіне дейін қолданыста болады.

Басшы

A handwritten signature in blue ink, appearing to be 'D. Zhunusbekov', written in a cursive style.

Д. Жунусбеков